



050013, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 22 үй,
Тел.: 8(727)292-60-25

050013, г. Алматы, ул. Сатпаева, 22
Тел.: 8(727)292-60-25

Satbayev University Этикалық комиссиясының Қорытындысы

«25» 09 2025 ж.

Алматы қ.

1.	Докторанттың тегі, аты-жөні	Асылбекова Ляида Рамазанқызы
2.	Докторантураның мамандығы (білім беру бағдарламасы)	8D07105 – «Биомедициналық инженерия»
3.	Докторантурада оқу кезеңі	2020-2023 жж.
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	«Медицинада жергілікті әсер ету үшін Пельтье элементі негізінде термоэлектрлік салқындату құрылғыларын жасау», 28.12.2020 ж.
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы мәліметтер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы мен жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, азаматтығы	Алдияров Н. У. – физика-математика ғылымдарының кандидаты, «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қ.И.Сатбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Алматы қ., ҚР). Евдулов О. В. – техника ғылымдарының докторы, «Теориялық және жалпы электротехника» кафедрасының доценті, Дагестан мемлекеттік техникалық университеті (Махачкала қ., Ресей).
6.	Зерттеу нысандары	Бастың түкті бөлігінің жергілікті салқындату әдісімен онкологиялық науқастардың алопециясын алдын алуға арналған арнайы құрылымдағы термоэлектрлік құрылғы.
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ. Зерттеуді жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде барлық белгіленген ғылыми және әдістемелік талаптар сақталды. Бастапқы деректерді жинау және өңдеу, сондай-ақ модельдеу әдістерін таңдау жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес және ғылыми жетекшінің бақылауымен жүргізілді. Зерттеулерді бағалау кезінде деректерді талдаудың дәлдігіне және әдістердің ашықтығына ерекше назар аударылды, бұл нәтижелерді интерпретациялау кезінде қателерді болдырмауға көмектесті. Зерттеудің әдістері мен технологияларын таңдау олардың өзектілігі мен зерттеу мақсаттарына сәйкестігіне негізделді, бұл алынған

		мәліметтердің сенімділігімен және олардың жоғары ғылыми құндылығымен расталды. Зерттеу барысында мақсаттарды дұрыс тұжырымдауға немесе нәтижелерді бағалаудың объективтілігіне байланысты бұзушылықтар тіркелген жоқ. Барлық рәсімдер бекітілген оқу жоспарына және ғылыми қызметтің этикалық нормаларына қатаң сәйкестікте орындалды.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату барысында анықталған бұзушылықтар	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату барысында бұзушылықтар анықталған жоқ. Зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдар мен есептік құжаттар түрінде академиялық ережелердің талаптарына сәйкес ұсынылады. Ғылыми материалдарды тарату кезінде авторлық құқық нормалары, дәйексөз ережелері және дереккөздерді дұрыс рәсімдеу қамтамасыз етілді. Жалпыға ашық емес құпия деректер пайдаланылмады және таратылмады. Ұсынылған ақпараттың ашықтығы мен сенімділігіне ерекше назар аударылып, нәтижелерді бұрмалау немесе оларды дұрыс түсінбеу мүмкіндігі жойылды.
9.	Зерттеу нысандарының (тірі табиғат пен тіршілік ортасы нысандары болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүзеге асырылды?	Диссертациялық зерттеулерді жүргізу барысында зерттеу нысандарының құқықтары, қауіпсіздігі мен әл-ауқатына нұқсан келтірілген жоқ, өйткені зерттеу пәні болып табылатын термоэлектрлік құрылғы макетінің сынақтары имитатор жағдайында жүргізілді. Барлық эксперименттік зерттеулер сынақ нысаналары ретінде тірі организмдерді немесе адамдарды тартуды қажет етпейтін физикалық және математикалық модельдерде жүргізілді.

Этикалық комиссияның төрайымы

Этикалық комиссияның хатшысы

Г.К. Умирова

М.Хведелидзе

